

ХАТТАМА № 2

Өткізілген күні: 19.01.2025ж

Өткізілген орны: Тайтөбе ЖОББМ

Қатысқандар: Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, мектеп психологы, сынып жетекшілері, медбике, асхана менгерушісі, ата-аналар комитетінің өкілдері.

Күн тәртібі:

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары.
2. Мектеп асханасының қызметін ұйымдастыру, тамақ сапасы және санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы.

1-мәселе: Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары

Тыңдалды: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Каепов А.М оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндама жасады. Баяндамада мектепшілік тәртіп ережелерінің сақталуы, құқықтық тәрбие сағаттарының өткізілуі, қауіп-қатер тобына жататын оқушылармен жүргізілетін жеке жұмыстар, сондай-ақ ата-аналармен өзара ынтымақтастықтың маңыздылығы атап өтілді.

Сөйлегендер: Әлеуметтік педагог Жұмбаева А.А пен мектеп психологы Арингазина Д.Д оқушылардың мінез-құлқындағы өзгерістер, алдын алу шараларының нәтижелілігі туралы пікір білдірді. Сынып жетекшілері өз сыныптарындағы тәрбие жұмыстары жөнінде ақпарат берді.

Қаулы етті:

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша мектепшілік іс-шаралар жоспарын бекіту;
2. Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында түсіндіру және тәрбие жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу;
3. Қауіп-қатер тобына жататын оқушылармен жеке профилактикалық жұмыстарды күшейту;
4. Ата-аналармен бірлескен жиналыстар мен кенестерді тұрақты ұйымдастыру;
5. Сынып жетекшілеріне оқушылардың тәртібін тұрақты бақылауда ұстау тапсырылсын.

2-мәселе: Мектеп асханасының қызметі

Тыңдалды: Асхана менгерушісі мектеп асханасының жұмысы, оқушыларды ыстық тамақпен қамту деңгейі, күнделікті ас мәзірінің бекітілуі, тағам сапасы және санитарлық-

гигиеналық талаптардың сақталуы туралы есеп берді. Медбике тағамның құнарлылығы мен қауіпсіздігіне қатысты бақылау нәтижелерімен таныстырды.

Сөйлегендер: Ата-аналар комитетінің өкілдері асхана қызметіне байланысты ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Қаулы етті:

1. Мектеп асханасының санитарлық-гигиеналық талаптарға сай жұмыс істеуін тұрақты бақылау;
2. Ас мәзірінің сапасын, тағамдардың құнарлылығы мен қауіпсіздігін қадағалау;
3. Оқушыларды толық әрі сапалы ыстық тамақпен қамтуды қамтамасыз ету;
4. Асхана қызметкерлеріне санитарлық талаптарды қатаң сақтау жөнінде нұсқаулық жүргізу;
5. Асхана жұмысына қатысты ата-аналар мен оқушылардың ұсыныстарын ескеру.

Хатшы:



Жумабаева А.А